Бухгалтерлік есеп саласындағы қазіргі білім беру қоғамдық тәжірибенің ең күрделі формасы болып саналады, ал оның осы тарихи кезеңдегі алатын орны мен рөлі ерекше әрі бірегей. Бухгалтерлік есепті қайта құру жағдайларында дәл осы білім беру жаңа формаларға бейімделуді жүзеге асыруға және дамудың жаңа бағыттарын көрсетуге мүмкіндік береді.

Соңғы жылдары бухгалтерлік есеп пен қаржылық есеп беруде бұдан бұрын көрсетілуі қарастырылмаған көптеген шаруашылық амалдар пайда болды. Бұл бухгалтерлік есептің нормативтік-құқықтық базасында маңызды өзгерістер енгізуін талап етті, және бұл база халықаралық тәжірибеде

қабылданған стандарттарға сәйкес қарқынды түрде қайта құрыла бастады. Оқу барысында жоғары экономикалық білімі бар болашақ бухгалтерлерге жеткізілуі қажет материал көлемі үнемі өсіп отыр.

Зерттеудің негізгі бөлімі

«Біліктілік» сөзіне әр әдебиетте әртүрлі көзқарас бар. Олардың көп бөлігі біліммен байланысты болса, қалған бөлігі ресурстармен байланысты. Мысалы, терминологиялық сөздікте бұл сөзге мынандай анықтама берілген: «біліктілік – белгілі бір саладағы білімін, ептілігін және жеке бастың қасиеттерін жұмыстың жемісті барысы үшін қолдана алу қабілеттілігі. Ұғым, англосаксондық білім беру жүйесінен енген». Л.М. Спенсер мен С.М. Спенсердің «Жұмыстағы біліктілік» атты кітабында келесі анықтама берілген: «біліктілік – жұмысты орындауға немесе басқа да жағдайларға тікелей байланысты максималды нәтижелік беретін жеке бастың негізгі қасиеті»[2]. Ал, В.Г. Гетьманның «Қазіргі заман жағдайында жоғарғы оқу орындарындағы бухгалтерлер мен аудиторларды даярлау және оның мәселелері» атты мақаласында: «біліктілік – нақты бір кәсіптік жағдайға байланысты дағдылардың, нұсқамалар мен білімнің ажырамас бөлігі» деп жазылған[3].

Терминологиялық сөздікке сәйкес, «біліктілік тәсілдеме – ерекше көңілді білім берудің нәтижесіне бөледі; Білім берудің нәтижесі ретінде, қабылданған ақпарат көлемін емес, адамның әр түрлі жағдайларда, соның ішінде кәсібімен байланысты жағдайларда нәтижелі іс-әрекет жасай алу қабілеті. Біліктілік тәсілдеме, қазіргі заманда кәсіптік салада мамандардан талап етілетін, студенттер меңгеруі тиіс, біліктілікті қалыптастыру үшін, білім берудің нақтылы тұжырымдамаларын белгілейді. Сонымен қатар, аталған тәсілдеме, еңбек нарығының сұранысына дайындықтың сәйкестігін қамтамасыз етеді, яғни, түлектердің бәсекеқабілеттілігін, кәсіби бейімделуі мен қызметінің тиімділігін көтереді»[4].


Сонымен, жан-жақты білім, икемділік, дағдылар, өз бетінше қызмет ете алу және жеке жауаптылық тәжірибелерін «қазіргі заманғы негізгі біліктіліктер» деп атаса болады.

Мақаланың өзектілігін бухгалтерлердің тек қана өз мамандығының категориялары бойынша ойлауы және тұлғаның бухгалтерлік қызметтің тиімділігіне кедергі келтіретін жеке қасиеттері құрап отыр.

Болондық декларацияға қол қойған 16 мемлекет ұсынған жіктелімін келтіріп көрейік. Бұл жіктелімнің негізінде сауалнама қорытындылары жатыр. Сауалнамаға 5183 түлек, 100 университеттен 998 профессор, 444 жұмыс беруші қатысты [5]. Олар жалпы (құралдық, жеке тұлға аралық, жүйелік) және арнайы біліктіліктерді бөліп көрсетті.

Құралдық біліктілікке жатады (1- сурет):


- талдау және синтездеу, ұйымдастыру және жоспарлауға деген қабілеттілік;
- негізгі жалпы білім;
- өз ана тіліндегі коммуникативтік дағдылар;
- қарапайым компьютерлік хабардардық;
- ақпаратты басқару дағдылары;
- туындаған мәселелерді шешу қабілеті



1-сурет –Біліктіліктер және қызметке қойылатын талаптар

Ескерту: авторлармен құрастырылған

Біліктілік – бухгалтердің мамандықтың талаптарына сай өз қызметін атқара алуы. Ал, мамандықтың талаптары дегеніміз – ұйымда қабылданған, қызметті орындаудың стандарттары мен міндеттері. Біз Жоғарғы оқу орындарындағы (ЖОО) бухгалтерлерді даярлаудың келесі моделін ұсынамыз (2-сурет).



2-сурет – ЖОО-дағы бухгалтерлерді даярлау моделі

Ескерту: авторлармен құрастырылған

Ұсынып отырған, біліктілік тәсілдемесіне негізделген, ЖОО-дағы бухгалтерлерді даярлаудың моделі мынандай кезеңдерден тұрады:

1-кезең. Бухгалтердің бойында қалыптасуы тиіс біліктілікті таңдау және жоспарлау. Мысалы, ұйымның болашақ бас бухгалтерін дайындағанда, оның бойында мына біліктіліктерді қалыптастыру керек (1-кесте).

2-кезең. ЖОО-да бухгалтерлерді біліктілік тәсілдемесін және оқытудың әр түрлі технологияларының элементтерін пайдалана отырып оқыту.

3-кезең. Өткеннің барлығын, қалыптасқан білім, дағды, біліктілікке негізделе отырып, бағалау.


1-кесте – Бас бухгалтерін дайындағанда біліктіліктер

№	Біліктілік түрлері	Жалпы анықтама	Маңыздылық деңгейі
1	Кәсіптік білімі және икемділігі	Заңнама, бухгалтерлік есептің ерекшеліктері, ұйымдарға салық салу туралы білу және автоматтандырылған есеп жүйесімен жұмыс жасай алу	85%
2	Ұжымға бағдарлануы	Топта жұмыс жасай алуы, топтың басқа мүшелерімен тіл табысуы. Өзінің және басқалардың рөлін толық түсінуі.	80%
3	Коммуникация	Коммуникацияны ауызша және жазбаша түрде анық, қысқа жүргізе алуы	75%
4	Басқару	Адамдарды басқара алу қабілеті, нәтижеге жету үшін олардың сеніміне кіріп олармен қызметтес болу	70%

1-кестенің жалғасы

5	Шешім қабылдау	Туындаған мәселелерді шешуге арналған, мұқият анализ бен диагностикаға негізделген, әдістемелік және практикалық шешімдер қабылдай алу	65%
6	Нәтижеге бағдарлануы	Өз жұмысын жақсы орындауға талпыну, жетуі қиын мақсаттарды қойып, соған жету қабілеті, тиімді бухгалтерияны құру, үнемі жасалатын жұмыстың сапасын көтерудің жолдарын іздеу	60%
7	Өздігінен даму	Өз білімімен және кәсіптік дамуымен басқару	55%
8	Жанашылдық (креативтілік)	Жаңа идеяларды ойлап таба білу қабілеті, жұмыстың әдістері мен тұжырымдамалары	50%

4-кезең. Студентте қалыптасқан білім, дағды, біліктілікке талдау жасау. Біз үшін бухгалтердің біліктілік моделінің қалыптасуы өте маңызды. Оны келесі суретте көрсетуге болады (3-сурет).



3-сурет – Бухгалтер біліктілігінің моделі

Ескерту: авторлармен құрастырылған

Бұл суретте қаралған біліктіліктер көлемі жағынан бірдей болып көрінгенімен, зерттеу барысында біліктіліктер арақатынасы өзгереді. Менің ойымша, болашақ бухгалтерді оқытудың мақсатына байланысты біліктілік жиыны, арақатынасы, саны өзгеруі мүмкін. Бакалавриат және магистратураны аяқтағаннан кейінгі бухгалтердің біліктілігінде де өзгешелік болады. Бастысы, зерттеу барысында, болашақ бухгалтердің жоспарланған біліктілігі мен іс-жүзінде қабылданған біліктілігінің анализделуі және оқыту әдістемесінің түзетілуі.

Бухгалтерлік есеп ой (білім) және әрекетті (тәжірибе) білдіре отыра, қазір ұйымның қызметінде үлкен рөл атқарады. Бухгалтерлік есеп онда мүдделі адамдар үшін адамдармен жүзеге асады. Қазіргі қоғам шаруашылық өмірдің көріністерін бухгалтерлік түсіндірусіз ақылға сиымсыз. Онда социум мен адамның барын бухгалтерлік есептің қоғамдық мәнінің маңыздылығын анықтайды.

Психологиялық әдебиет адам тұлғасының көптеген тұжырымдамаларын сипаттайды, XX ғасырдың батыс психологиясына сәйкес үш негізгі мектеп ерекшеленеді (А. Маслоу бойынша – күштер): бихевиоризм, психоанализ бен гуманистикалық психология. Бухгалтерлік есепке қарай ерекше көп таралған бихевиоризм болып табылады. Бихевиоризм (ағылш. behavior–мінез-құлық) қандай да бір сыртқы әсерлерден туындайтына адамның мінез-құлығының мінездемесіне негізделеді. Американдық зоопсихолог Дж. Уотсон (1878-1958) көрсетілген стимулдарға реакция ретінде мінез-құлық әрекеттерін түсіндіретін батыс психологиясында бихевиоризмнің негізін қалаушы болып саналады [6].

Бухгалтерлік есепте бихевиоризмді К.Т. Девине қарастырған, және ол кәсіпорынның шаруашылық әрекетінде жұмыс істейтін тұлғаларға бухгалтердің мінез-құлығының әсерін, сонымен қатар есеп

тәсілдерін таңдау мен бухгалтерлік ақпаратты ұсыну адамдардың мақсаттары мен мінез-құлығына байланыстылығын көрсетті [7]. Р. Антонидің есепке деген психологиялық тәсілдемесі «бухгалтерияны түсіну үшін оқыту – бұл бухгалтерді түсіну мен бақылауға қою деген сөз. Кәсіпорында мақсат жоқ, және бола алмайды да, ол тек қана онда мүдделі адамдарда ғана бола алады»[8]. Бихевиористік теорияға ерекше назар аударған Я.В.Соколов, олмысалы былай деп жазады: «Бухгалтерлік есептің тәсілдері адамдардың мақсаттарымен мінез-құлығына байланысты таңдалуы керек. Соңғысы SR (стимул-реакция) сызбасы бойынша қарастырылуы керек»[9]; «Есептің шынайы мағынасын аша отыра оның психологиялық түсіндірмесі, бухгалтер үшін өзінің жұмысы мен есеп регистрларында қызметтерін көрсететін тұлғалардың жұмысын бағалауда да нық бағыттар базасын құрайды»[10]. «Солай, кең танымал жұмыстардың және қызметтердің өзіндік құнын есептеу мен калькуляциялау «стандарт-костс» тәсілі, бихевиоризмның нақтылы түрде көрсетілуін ұсынады. Стимул (сыртқы орта әсері) болып әкімші (немесе қазір атайтын, менеджер) асып кетпейтін шығындар стандарты (норматив) қызмет атқарады. Бірақ бұл – бастапқы стимул, шынайы стимулдар ең бірінші әкімшіде реакция тудыратын нақты шығындардың нормативтік шығындардан ауытқу жағдайлары болып саналады».

В.В.Ковалев таңдау еркіндігін ұсынған бухгалтер жұмысындағы психологиялық компоненттерді есептеудің қажеттілігін қарастырады: «... психология тұрғысынан – өзіңе кішкентай болса да жауапкершілікті алғанша, нұсқаулықтарды қолданған оңай, мысалы, бағалау мен есеп тәсілінің кезкелгенін таңдау бойынша. Таңдау жасау әрдайым қиын, алайда таңдалған шешім ең дұрысы болмай қалу мүмкіндігі де жоғары, бірақ таңдау жасамау одан да жаман нәтижелерге алып келуі мүмкін»[11]. Бухгалтердің психологиялық ерекшеліктерінен басқа, «бухгалтер (немесе аналитик) ол өзінің аналитикалық хатын бағыттап отырған қолданушының психологиялық түрін ескеруі қажет»[12].

Гуманистикалық психология сондай-ақ бухгалтерлік есепте қолданылады. А. Маслоу, К. Роджерс және В. Франккламның негізгі сұраныстары ретінде махаббатты, шығармашылық өсуді, жоғары құндылықтар мен мағынаны қарастырады. Гуманистердің пікірі бойынша, индивидуум өз ойын білдіру мен өзін-өзі жетілдіруге, яғни, маңғаздануға тырысады. Маңғазданушы адамдар бір жұмысқа (қызмет етуге) тартылған, шынайылықты нәтижелі қабылдайды (өтірік пен шындықты табу), өзімен және басқа адамдармен бірлікте өмір сүреді, тәуелсіз және өзін-өзі билейді, өнерге және жасап шығаруға (креативтілікке) бейім. Бухгалтерлік мамандықта қызмет ету, шаруашылық өмір фактілерінің түсіндірілуі, кәсіпорын жұмысшыларымен қарым-қатынас, бухгалтерлік есептің негізгі қағидаттарын ұстану, деректерді жаңа тәсілдермен араластыру қабілеттілігі, осының барлығы тұлғаның психологиялық ерекшеліктеріне байланысты.

Адамды кез-келген оқыту ондағы кейбір интеллектуалды шамасының болуында мүмкін. «Парасат – психологиядағы ең қарама-қайшы түсініктердің бірі». Г. Гарднер парасатты «адамның біршама дербес интеллектуалды біліктілігі», деп анықтайды, және парасатты жеті түрге бөледі: лингвистикалық, логико-математикалық, кеңістіктік, музыкалық, шығармашылық ойлау (білім салаларын араластыру мен жаңа идеялар мен тәсілдер ұсыну қабілеттіліктері) және контекстік ойлау (осы білімді тәжірибеде қолдана алу қабілеттілігі). Әрі автор теңгерімділіктің маңыздылығын көрсетеді, яғни тек қана осы қабілеттерге ие болып қана қоймай, сонымен қатар оларды қайда және қандай уақытта қолдану керектігін білу [12].

Бухгалтерлік кадрларды дайындау барысында оқушылардың интеллектуалды ерекшеліктеріне сәйкес алу керек. Біздің ойымызша, кейстарды, іскер және рөлдік ойындарды, олимпиадаларды және ақпараттық технологияларды қолдану, болашақ бухгалтерлерге білімін меңгеруге, теория мен тәжірибені байланыстыруды, профессионалды құзыреттерді қалыптастыруды үйретеді. Мұндай жағдайларда профессионалды шеберлігі, пәнді, психологияны білу, сонымен қатар бухгалтерлік кадрларды даярлау технологиясын шебер қолданудан тұратын ұстаздың рөлі өседі.

Бухгалтерлерді дайындауды, кәсіпорында есептік-аналитикалық қызметін атқарып отырған бухгалтерлердің психологиялық ерекшеліктерін есепке ала отыра қарастыру керек.

Бухгалтерлік ақпаратты жасау мен пайдаланудың психологиялық өлшемі бар, алайда, оны бір ғана көрсеткіш бойынша өлшеуге болмайды, өйткені адамның мінез-құлқын болжау мүмкін емес.

Психолог-кеңесші Е.Е.Кутузова зерттеуі «әйелдерде вербалды және көрнекі-бейнелі, ал еркектерде – формалды-логикалық және интуитивтік парасаттың жиі басымырақ кездесетінін» көрсетті. Бухгалтер мамандығы үшін ойлаудың «еркектің» формалды-логикалық нұсқасы қажет, осы жағдайда иррационал-

ды таным мен эмоционалды орта анағұрлым аз дамиды, соған орай, әйел-бухгалтерге көптеген өмірлік мәселелерді шешу үшін эмоционалды тәжірибе жетіспейді. Эмоционалды тәжірибеге ие болу, өзінің ішінде түрлі жаңалықтар ашуға, айтарлықтай «автопортретті өзгертуге» мүмкіндік береді. Бухгалтерлерде, олардың профессионалды қызметімен қатар, келесі жеке қасиеттері дамиды: мақсатқа талпынушылық; батылдық; ақпаратты жүйелендіруге бейімділік; сынап талдау; өмірге деген парасаттылық көзқарас, қызығушылықтардың тұрақтылығы; өмірлік қағидаттарға беріктік; өз көзқарасыңды қорғаудағы жігерлік; тік мінезділік; іскерлік; ұйымдастырушылық; жауапкершілік; жинақтылық; басым идея үшін көптеген қиыншылықтардан сүрінбей өту қабілеттілігі» [13].

Бухгалтердің психологиялық портреті: бухгалтерлер тек қана өз мамандығының категориялары бойынша ойлайды және тұлғаның бухгалтерлік қызметтің тиімділігіне кедергі келтіретін жеке қасиеттері болады. Бухгалтерлік қызметтің тиімділігіне ықпал ететін қасиеттерге мыналарды жатқызамыз: жоғарғы математикалық қабілет деңгейі; анализдеу қабілеті; шоғырландыру (топтау), тұрақтылық және зейін аударудың жақсы дамуы; мнемоникалық қабілет (қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді жадының дамуы); ұзақ уақыт бойы біркелкі жұмысты орындай алу қабілеті (күжаттармен және цифрлармен жұмыс істеуге икемділік); кедергіге қалыпты қарсы тұру; техникалық дайындық (компьютерде жұмыс жасай алу) сонымен қатар шыдамдылық, ынта, тұрақтылық, міндеттілік, жауапкершілік, шынайылық, әділеттілік, әріпшілдік (педантизм), ұқыптылық, эмоционалды-психикалық тұрақтылық және т.б. Ал, қызметтің тиімділігіне кедергі келтіретін қасиеттерге: математикалық және аналитикалық қабілеттің жоқтығы; тез шаршағыштық; көңіл қоймаушылық, ұмытшақтық; цифрлармен жұмысқа бейімінің болмауы; тәртіпсіздік, моральды-этикалық нормалардың болмауы жатады [14].

Ұйымның бас бухгалтері өзінің қол астында жұмыс істейтіндердің жеке бас ерекшеліктері мен олардың жеке қажеттіліктері жөнінде хабардар болуы керек. Жоғарыда бухгалтердің жеке бас ерекшеліктері туралы айтылды, енді, бухгалтердің қажеттіліктерін атап өтейік. Й.Хейзинга бухгалтерлердің 12 негізгі қажеттіліктерін бөліп көрсеткен [15]:

1. Жоғары еңбекақыға және материалдық сыйақыға деген қажеттілік;
2. Жақсы, қолайлы жұмыс жағдайына деген қажеттілік;
3. Жұмысты нақты құрылымдауға қажеттілік;
4. Әлеуметтік байланыстарға қажеттілік;
5. Ұзақ мерзімді, тұрақты қарым-қатынастарды қалыптастырып, жалғастыруға деген қажеттілік;
6. Басқа адамдардың алдында қадірінің артуына деген қажеттілік;
7. Өз алдына қиын мақсаттар қойып, соған жетуге деген қажеттілік;
8. Билікке, ықпалдылыққа қажеттілік. Басқаларды басқаруға, бәсекеде жеңуге ұмтылу;
9. Әр түрлілікке, өзгерістерге деген қажеттілік;
10. Жаңашыл (креативті) болуға деген қажеттілік;
11. Өздігінен жетілуге деген қажеттілік;
12. Қызықты, қоғамдық пайдасы бар жұмыс істеуге қажеттілік.

Мақаланы қорытындылай келе, жоғары оқу орындарында ұйымның бас бухгалтерін дайындауда оның бойында тек мамандығына байланысты дағдыларды қалыптастырып қана қоймай, сонымен қатар, жеке қасиеттерін де дамыта түсу қажет. Соның ішінде, біліктілік қасиетін негізгі қасиеттердің бірі ретінде қолдану қажет. Ұсынылған модельді қолдану, ұйымға бухгалтер мамандығының талаптарына сай өз қызметін атқара алатын мамандар береді.

Жұмыс нәтижелері бойынша қорытынды

Осылайша бухгалтерлік есеп саласында ішкі және сыртқы нарықта тиімді жұмыс істеу үшін кәсіби дағдыға ие, экономика және бизнес саласында тәжірибелік дағдыларға және қазіргі заманғы білімге ие, күрделі басқарушылық міндеттерді орындай алатын, бизнестің, талдаудың және компьютерлік камсыздандырудың қазіргі заманғы технологияларын игерген біліктілігі жоғары мамандарды дайындау Қазақстан Республикасының инновациялық даму жағдайларында маңызды болып табылады.

Зерттеу нәтижелері мен оларға негізделе отыра қалыптасқан шешімдер профессионалды бухгалтерлік білімнің даму стратегиясына әсерін тигізе алады, және бұл оны қолдануды ұйымдастырудағы ұсынылып отырған инновациялық тәсілдердің дәлелденген нәтижелілігін растайды.

Апробация мен зерттеу нәтижелерін енгізу, Алматы Менеджмент Университетінің оқу барысын ұйымдастыру кезінде, семинарларда шығу кезінде, біліктілікті көтеру курстарында, жарияланған мақалаларда, оқу құралдарында және методикалық ұсыныстарда жүзеге асқан. Инновациялық тәсіл негізіндегі құрастырылған бухгалтердің профессионалды білім алу концептуалды үлгісі біліктілік тәсілді жүзеге асыруға және оны жүзеге асыруды қамтамасыз ететін технологияларды белгілеуге мүмкіндік берді.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III «Білім туралы» Заңы [Электрон. ресурс]. – 2007. – URL: http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30119920 (дата обращения: 12.01.2015)
- 2 Спенсер Л.М., Спенсер С.М. Компетенции на работе. Модели максимальной эффективности. – М.: НИРО, 2005. – 384 с.
- 3 Гетьман В. Г. Современные проблемы вузовской подготовки бухгалтеров и аудиторов и пути их решения // Инновации в образовании. – 2015. – № 1 (25). – С. 5-14.
- 4 Современные образовательные технологии: Терминологический словарь. Под ред. проф. В. К. Поспелова. – М.: Финакадемия, 2009. – 92 с.
- 5 Логинова Н. А. Профессиональные качества бухгалтера // Бухгалтерский учет. – 2009. – № 2. – С. 70-73.
- 6 James D. Watson, Tania A. Baker, Stephen P. Bell. Molecular Biology of the Gene. – Benjamin-Cummings Publishing Company, 2013. – 912 p.
- 7 Равен Дж. Компетентность в современном обществе: Выявление, развитие и реализация. / Пер. сангл. – М.: Когито-Центр, 2002. – 396 с.
- 8 Роберт Н. Энтони. Учёт: ситуации и примеры. / Пер. с англ. под ред. А. М. Петрачкова. – М.: Финансы и статистика, 1993. – 560 с.
- 9 Соколов Я. В. Бухгалтерский учет – веселая наука. Сборник статей. – М.: 1С-Пабблишинг, 2011. – 638 с.
- 10 Соколов Я. В., Соколов В. Я. История бухгалтерского учета: учебник. – М.: Финансы и статистика, 2006. – 288 с.
- 11 Ковалев В. В. Корпоративные финансы и учет: понятия, алгоритмы, показатели. – М.: Проспект, 2010. – 768 с.
- 12 Гетьман В. Г. Современные взгляды на бухгалтерский учет и его проблемы // Международный бухгалтерский учет. – 2012. – № 30. – С. 54-63.
- 13 Кутузова Е. Е. Личные качества и профессиональные навыки // Бухгалтерский учет. – 2002. – № 10. – С. 61-62.
- 14 Логинова Н. А. Профессиональные качества бухгалтера // Бухгалтерский учет. – 2009. – № 2. – С. 70-73.
- 15 Хейзинга И. В тени завтрашнего дня. / Пер. с нидерл. Общ. ред. и послесл. Г. М. Тавризян. – М.: Прогресс, 1992. – 464 с.
- 16 del Corte, J.M., Martinez, G.M.F. Competence Training for Future Public Accountants: A Teaching Experience at the International Level // Revista De Ciencias Sociales. – 2013. – № 19 (3). – pp. 485-499.
- 17 Marquez, S. E. L., Reyes, Y. D. N., Capote, E. M. S. Technology in Training for Accounting. A Step toward the Future // Revista De Ciencias Sociales. – 2013. – № 19 (2). – pp. 390-401.
- 18 Cheng M. Discussion on Outstanding Accountants Training // Proceedings of the 6th International Symposium: Education Innovation and Dunhuang Culture Engineering. – 2013. – pp. 572-576.
- 19 Guney, A. The process of long-term training in accounting (for Turkey) // 4th World Conference on Educational Sciences (WCES-2012). Procedia Social and Behavioral Sciences. – 2012. – № 46. – pp. 2738-2741. DOI: 10.1016/j.sbspro.2012.05.557.

References

- 1 "Kazakhstan Respublikasynyn 2007 zhylygy 27 shildedegi № 319-III "Bilim turaly" Zany" (2007), available at: http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30119920 (Accessed 12.01.2015) (In Kazakh)
- 2 Spenser L.M., Spenser S.M. (2005), *Kompetentsii na rabote. Modeli maksimal'noi effektivnosti*, NIRO, Moscow. (In Russian)

- 3 Get'man V.G. (2015), "Sovremennye problem vuzovskoi podgotovki bukhgalterov i auditorov i puti ikhresheniya", *Innovatsii v obrazovanii*, Vol. 1 No. 25, pp. 5-14. (In Russian)
- 4 Pospelov V.K. et. all (2009), *Sovremennye obrazovatel'nye tekhnologii: Terminologicheskii slovar'*, Finakademiya, Moscow. (In Russian)
- 5 Loginova N.A. (2009), "Professional'nye kachestva bukhgaltera", *Bukhgalterskii uchet*, Vol. 2, pp. 70-73. (In Russian)
- 6 James D. Watson, Tania A. Baker, Stephen P. Bell (2013), *Molecular Biology of the Gene*, Benjamin-Cummings Publishing Company. (In Russian)
- 7 Raven Dzh. (2002), *Kompetentnost' v sovremenном obshchestve: Vyyavlenie, razvitie i realizatsiya*, Transl. from Engl., Kogito-Tsentr, Moscow. (In Russian)
- 8 Robert N. Entoni (1993), *Uchet: situatsii i primery*, Transl. from Engl., Finansy i statistika, Moscow. (In Russian)
- 9 Sokolov Ya.V. (2011), *Bukhgalterskii uchet – veselaya nauka. Sbornik statei*, IS-Publishing, Moscow. (In Russian)
- 10 Sokolov Ya.V., Sokolov V.Ya. (2006), *Istoriya bukhgalterskogo ucheta*, Finansy i statistika, Moscow. (In Russian)
- 11 Kovalev V.V. (2010), *Korporativnye finansy i uchet: ponyatiya, algoritmy, pokazateli*, Prospekt, Moscow. (In Russian)
- 12 Get'man V.G. (2012), "Sovremennye vzglyady na bukhgalterskii uchet i ego problem", *Mezhdunarodnyi bukhgalterskii uchet*, Vol. 30, pp. 54-63. (In Russian)
- 13 Kutuzova E.E. (2002), "Lichnye kachestva i professional'nye navyki", *Bukhgalterskii uchet*, Vol. 10, pp. 61-62. (In Russian)
- 14 Loginova N.A. (2009), "Professional'nye kachestva bukhgaltera", *Bukhgalterskii uchet*, Vol. 2, pp. 70-73. (In Russian)
- 15 Kheizinga I. (1992), *V teni zavtrashnego dnya*, Progress, Moscow. (In Russian)
- 16 del Corte, J.M., Martinez, G.M.F. (2013), "Competence Training for Future Public Accountants: A Teaching Experience at the International Level", *Revista De Ciencias Sociales*, Vol. 19 No. 3, pp. 485-499.
- 17 Marquez, S.E.L., Reyes, Y.D.N., Capote, E.M.S. (2013), "Technology in Training for Accounting. A Step toward the Future", *Revista De Ciencias Sociales*, Vol. 19 No. 2, pp. 390-401.
- 18 Cheng M. (2013), "Discussion on Outstanding Accountants Training", *Proceedings of the 6th International Symposium: Education Innovation and Dunhuang Culture Engineering. Dunhuang, Peoples Republic of China*, pp. 572-576.
- 19 Guney, A. (2012), "The process of long-term training in accounting (for Turkey)", *4th World Conference On Educational Sciences (WCES-2012). Procedia Social and Behavioral Sciences, University of Barcelona, Barcelona, Spain*, Vol. 46, pp. 2738-2741. DOI: 10.1016/j.sbspro.2012.05.557.

Резюме

В данной статье исследуются основные компетенции подготовки бухгалтеров в ВУЗах. Автором заявлено о необходимости разработки новой образовательной модели: подготовка бухгалтерских кадров на базе современных информационных технологий посредством применения инновационных средств в бухгалтерском образовании, обеспечивающих формирование профессиональной компетентности будущих специалистов в области бухгалтерского учета.

Summary

The main competencies of training of accountants in universities have been researched in this work. The author has revealed the necessity of the development of new educational model: training of accountant personnel on the base of modern information technologies via applying innovation tools in accounting education, which provide the forming of professional competency of future specialists in the field of accounting.

Материал редакцияга
12.04.2015 ж. түсті